

**Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 337 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі екі ай мерзімде белгіленген тәртіппен келісілген көрсетілген Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасы**

**Мазмұны**

К і р і с п е

1-бөлім. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит берудің қазіргі жай-күйі

Параграф 1. Шағын кредит ұйымдарының нарығын талдау

Параграф 2. Ауылдағы шағын кредит тұтынушыларының нарығын талдау

2-бөлім. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

3-бөлім. Ауылдық жерлерде шағын кредит берудің тиімді жүйесін қалыптастыру

Параграф 1. Өңірлерде шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту  
Параграф 2. Шағын кредит ұйымдарын қаржыландыру  
Параграф 3. Ауылдық жерлерде оқыту және консалтинг бағдарламаларын  
д а м ы т у  
4-бөлім. Ауылда шағын кредит беруді дамыту жүйесінің мониторингі  
5-бөлім. Шағын кредит беру саласындағы заңнаманы жетілдірудің негізгі  
ш а р а л а р ы  
6-бөлім. Негізгі нәтижелер

## **Кіріспе**

Осы Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 мамырдағы N 450 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жеделдетілген шаралардың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Осы Тұжырымдаманы әзірлеу қазіргі уақытта банк секторының қаржылық қызметтерімен қамтылмаған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (бұдан әрі - ауылшартауарын өндірушілер) қаржы-кредит ресурстарына қол жеткізуін кеңейту қажеттілігіне негізделген.

Өз бизнесін жүргізе бастаған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін ауылдық жерлерде шағын кредит ұйымдарын (бұдан - ШКҰ) дамыту Тұжырымдаманың бірінші кезектегі міндеті болады.

Ауылдық жерлерде шағын кредит ұйымдары желісін дамыту ауыл халқының кәсіпкерлік бастамасын дамытуға, оны жұмыспен қамтамасыз етуге, тіршілік деңгейін арттыруға, кредиттік тарихты және қаржылық қызметтерді пайдалану тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

## **1. Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит берудің қазіргі жай-күйі**

### **Параграф 1. Шағын кредит ұйымдарының нарығын талдау**

Қазақстанда шағын қаржы секторының негізгі қатысушылары мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

мемлекет ("Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы, "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - қаржы институттары) ;

х а л ы қ а р а л ы қ ұ й ы м д а р ;  
екінші деңгейдегі банктер;

үкіметтік емес ұйымдар және кредиттік серіктестіктер;  
Қазақстанның шағын қаржы ұйымдары қауымдастығы.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне қарағанда 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ШКҰ-лардың саны 356 бірлікті құрады.

Өңірлер бойынша ШКҰ тең бөлінбеген, мысалы Оңтүстік Қазақстан облысында 89 ШКҰ тіркелген, Алматы қаласында - 62, Қарағанды облысында - 47, Астана қаласында - 25, Қостанай облысында - 19, Алматы облысында - 16, Шығыс Қазақстан облысында - 15, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында - 12-ден, Батыс Қазақстан және Жабыл облыстарында - 11-ден, Ақтөбе облысында - 10, Ақмола облысында - 7, Маңғыстау облысында - 5, А т ы р а у о б л ы с ы н д а - 3 .

Ірі және шағын қалаларда орналасқан қазіргі ШКҰ негізінен қала халқына қызмет көрсетеді. Жұмыс істеп тұрған ШКҰ-лар беретін шағын кредиттер бойынша пайыздық ставкаларының мөлшері орташа есеппен жылдық 36 %-дан 60 %-ға дейін құрайды. Қазіргі уақытта ауылдық жерлерде ШКҰ желісі дамымаған, ауылда жұмыс істеп тұрған ШКҰ саны 13 кәсіпорынды құрайды, бұл тіркелген ШКҰ-лардың жалпы санының 3,7 %-ын құрайды.

Ауылда шағын кредит беру жүйесін дамытуға тұжырымдамалық көзқарастың , әлеуетті инвесторлар үшін кейіннен ШКҰ-лардың тартымдылығын арттыру үшін мемлекет тарапынан осы секторға кешенді қолдаудың болмауы ауылдық жерлерде шағын кредит беру жүйесін дамытуды қазіргі уақытқа дейін тежейтін негізгі фактор болып келді.

## **Параграф 2. Ауылдағы шағын кредитті тұтынушылардың нарығын талдау**

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында қалыптасқан ахуал жекелеген аумақтар: ірі және шағын қалалар, кенттер мен ауылдық елді мекендер арасындағы тіршілік деңгейінің белгілі бір үйлесімсіздігімен сипатталады.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республика бойынша экономикалық белсенді халық шамамен 7 880 672 адамды, оның ішінде ауыл халқы 3 412 795 адамды құрады, бұл жалпы санның 43,3 %-ын құрайды. Экономикалық белсенді ауыл халқының ішінен жұмыспен қамтылғандар саны шамамен 3 173 087 адамды құрады (93,0 %), жұмыссыз ауыл халқының саны - 2 3 9 7 0 8 а д а м ( 7 , 0 % ) .

Бұл ретте, ауыл халқының жұмыспен қамтылған санынан 1 млн. 790 мың адам немесе 55 %-ы, негізінен өзінің жеке қосалқы шаруашылығымен өз бетімен айналысатын адамдарды құрайтынын ескеру қажет.

Ауылдағы шағын кредит беру нарығының негізгі қатысушылары мынадай шаруашылықтар санаттары деп танылған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен шикізатты бастапқы қайта өңдеу жөніндегі шаруашылық жүргізуші субъектілер болып табылады:

ауыл шаруашылығы кәсіпорындары;  
тұрғын халықтың шаруашылығы;  
шаруа (фермерлік) қожалықтары.

Осы атаулар қолданыстағы статистика жүйесінде қабылданғанын және шын мәнінде ауылдағы кәсіпкерліктің барлық өрісін және оны білдірудің барлық заңды нысандарын толық қамтитынын атап өту керек.

Тұтастай алғанда осы құрылым ұзақ уақыт бойы тұрақты сақталып келе жатқанын атап өткен жөн.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жартысынан астамын тұрғын халық шаруашылықтары өндіреді. Бұған қоса қаралатын кезеңде өндірілген мал шаруашылығы жалпы өнімінің 86,7 %-ын өндіру тұрғын халық шаруашылықтарының үлесінде. Сонымен бірге, өндіріс нарығында осындай елеулі, ал мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша сенімді орын ала отырып, шаруашылықтың бұл санаты жұмыс істеп тұрған қаржы институттарының, бірінші кезекте, коммерциялық банктердің кредит ресурстарына қол жеткізе алмай отыр. Мұндай жағдайдың себептері баршаға белгілі: кепілдік мүліктің болмауы, жоғары пайыздық ставкалар, кредитке қызмет көрсету жөніндегі жоғары операциялық шығыстар және тағы басқалары. Сонымен бірге шаруашылықтардың осы санаты өндірісті дамыту, технологияны жетілдіру, өнімділігі анағұрлым жоғары мал мен құсты және т.б. сатып алу үшін қажетті қаржы ресурстарына аса мұқтаж.

Қазақстан Республикасында 170 мыңнан астам шаруа (фермерлік) қожалықтары және 4 мыңнан астам шағын кәсіпорындар тіркелген. Республиканың жұмыс істеп тұрған шаруа (фермерлік) қожалықтарының көпшілігі екі облыста орналасқан: Оңтүстік Қазақстан және Алматы, бұдан әрі кемуі бойынша Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарында. Шаруа (фермерлік) қожалықтарын дамыту үшін шағын кредит беру құралдарын белсенді қолдану өзекті мәселе болып табылады.

Осылайша, ауылдағы шағын кредит беру нарығы көн түрлілігімен ерекшеленеді, ал бүгінгі күні оның негізгі сегменттері мыналар болып табылады:

тұрғын халықтың шаруашылықтары (жеке қосалқы шаруашылықтар);  
шаруа (фермерлік) қожалықтары.

## **2. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері**

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты ауылдық жерлерде шағын кредит берудің тиімді жүйесін қалыптастыру үшін қажетті негізгі шараларды анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- 1) ауылдық шағын кредит ұйымдарының ШКҰ желісін құру;
- 2) мемлекеттік қолдау шараларын айқындау;
- 3) ШКҰ-ларды әдістемелік көмекпен қамтамасыз ету (кредиттік мамандарды оқыту бағдарламасы, ШКҰ-ларды бірыңғай бағдарламалық қамтамасыз ету, қарыз алушыларды оқыту және консалтинг бағдарламалары);
- 4) ауыл халқына шағын кредит беруді дамыту жүйесінің мониторингі;
- 5) шағын кредит берудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.

### **3. Ауылдық жерлерде шағын кредит берудің тиімді жүйесін қалыптастыру**

#### **Параграф 1. Өңірлерде шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту**

Шағын қаржыландыру, дәстүрлі түрде, кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге және оны ынталандыруға бағытталған. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша, республикада табысы күнкөріс деңгейінің мәнінен төмен ауыл халқының үлесі орта есеппен 24,8 %-ды құрайды. Ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар үй шаруашылықтарының орташа статистикалық саны 371 мың бірлікті құрайды.

Ауылдық қарыз алушылардың шағын кредитке қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін әлеуетті қарыз алушылардың санын негізге ала отырып, бұл ретте ауылдық елді мекендердің орналасқан жерлерін, қарыз алушыларға қызмет көрсету жөніндегі кредиттік офицерлердің мүмкіндіктерін және тиісінше ШКҰ-ның өзін-өзі өтеуін есепке ала отырып, әр өңірде ШКҰ құру қажет.

Бұдан басқа, бәсекелі ортаны дамыту үшін ауылдық жерлердегі жекелеген аудандар шегінде бірнеше ШКҰ жұмыс істеуі қажет.

Қазіргі уақытта ШКҰ-ның қажетті санын айқындайтын нормативтік өлшемдер жоқ. Осыған байланысты, шағын кредит ұйымдарының желісін кезең-кезеңмен құру қажет.

Бірінші кезең - 160 ШКҰ құру (әкімшілік ауылдық аудандардың саны бойынша).

Екінші кезең - әлеуетті қарыз алушылар саны және ШКҰ шығындарын барынша азайту есебінен ауылдық жерлерде ШКҰ-ның оңтайлы санын құру.

ШКҰ желісін дамытудың мынадай схемалары ұсынылады:

ШКҰ-ның жарғылық капиталына қаржы институттарының (49 %-ға дейін) үлестік қатысуы;

ШКҰ кредитін ең төмен сыйақы ставкасымен беру арқылы шағын кредит ұйымдарын дамыту үшін жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын ШКҰ-лардың

жарғылық капиталындағы қаржы институттарының үлестік қатысуы 49%-дан аспауы тиіс. ШКҰ-ны құруға шағын кредит беруге бөлінген бюджет қаражатын пайдалану 50%-дан аспауы керек. Қаржы институттары жұмыс істеп тұрған ШКҰ-лар сияқты, қаржы институттарының үлестік қатысуымен құрылған ШКҰ-ларға да кредит беретін болады, бұл ШКҰ меншікті қаражатының мөлшерін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бірінші кезеңде қаржы институттарының құрылған ШКҰ-ларға одан әрі кредит беруін қамтамасыз ету қажет.

#### Проблемалар :

ШКҰ-ны құру және рентабельді жұмыс істеуі үшін бастапқы капиталдың болмауы немесе жеткіліксіздігі;

ауылдық қарыз алушылар табысының төмендігі және осыған байланысты берілген кредиттерді қайтару бойынша тәуекелдің жоғары болуы;

қарыз алушылардың кредиттік тарихының болмауы;

ауылдық жерлерде шағын кредиттерге қызмет көрсету кезіндегі жоғары операциялық шығыстар.

#### Шаралар :

жарғылық капиталына үлестік қатысумен (49 %-ға дейін) ШКҰ құру үшін мемлекеттік қаржы институттарын тарту;

талап ету құқықтарын бере отырып, қарызды қамтамасыз ету тетігін енгізу;

кепілдіксіз қамтамасыз ету әдістерін, оның ішінде ауылдық жерлерде шағын кредит берудің базалық қағидаты болып табылатын және қайтармау тәуекелін төмендету үшін пайдаланылатын, сондай-ақ қарыз алушылар үшін тиімді және

тартымды топтық кредит беру әдісін қолдану;

ауылдық жерлерде ШКҰ санын ұлғайту;

ауылдық қарыз алушылардың жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін тіркеуге жәрдем көрсету.

"Қазпочта" АҚ-ның филиалдық желісін пайдалану мүмкіндігін қарау.

#### Күтілетін нәтижелер :

ауылдық жерлерде ШКҰ-ның тармақталған желісін құру;

ШКҰ-ның кредиттік қаражатына ауылдық қарыз алушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету ;

түпкі қарыз алушылар санын ұлғайту.

#### **Параграф 2. Шағын кредит ұйымдарын қаржыландыру**

Көрсетілген мақсаттарға жыл сайын көзделетін қаржы шегінде республикалық бюджет қаражаты, тікелей шетелдік және отандық инвестициялар , халықаралық қаржы экономикалық ұйымдардың немесе донор-елдердің гранттары ШКҰ-ларды қаржыландыру көздері болып табылады. Қазіргі уақытта ауылдық қарыз алушыларға шағын кредит беру саласында "Ауыл

шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамы" жұмыс істейді.

Шағын кредит беру жүйесін дамыту үшін инвестициялар тарту инвесторлардың сеніміне кіруге және олардың капиталдарын одан әрі ауылдық шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін ШКҰ-ға салуға мүмкіндік береді, бұл олардың қаржылық тұрақтылығына ықпал етеді. ШКҰ-ның тұрақты қызметі қарыз алушылардың кредит берудің және кепілдік қамтамасыз етуді ұсынудың қатаң талаптарынсыз шағын кредит алуға сенімділігін тудырады.

#### Проблемалар :

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге қызмет көрсететін ШКҰ-лардың мемлекеттік даму институттарымен ынтымақтастығының пысықталған схемаларының болмауы ;

ШКҰ-да кредит ресурстарын алу үшін өтімді кепілдікті қамтамасыз етудің болмауы немесе жеткіліксіздігі;

екінші деңгейдегі банктердің кредиттер бойынша жоғары пайыздық ставкалары .

#### Шаралар :

ШКҰ-ның мемлекеттік институттармен өзара іс-әрекет жасау тетігін әзірлеу; мемлекеттік қаржы институттары арқылы ШКҰ-ға кредит беру үшін бюджет қаражатын тарту ;

халықаралық қаржы ұйымдарының, донорлық ұйымдардың, екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің және ірі отандық кәсіпорындардың қаражатын тарту .

#### Күтілетін нәтижелер :

өзін өзі өтей алатын ШКҰ-ны ұлғайту;

ШКҰ-ның және түпкі қарыз алушылардың кредит ресурстарына қол жеткізуі;

шағын кредиттердің пайыздық ставкаларын төмендету және сомаларын ұлғайту.

#### **Параграф 3. Ауылда оқыту және консалтинг бағдарламаларын дамыту**

Қарыз алушыларды кәсіпкерліктің негіздеріне оқытумен шұғылданатын ұйымдардың консультациялық қызметтер мен тренингтерді ұсынуы ауылдық жерлерде шағын кредит беруді дамыту бойынша қолайлы ахуал туғызу үшін маңызды болып табылады .

Шағын кредиттерді беру мен қайтару тәртібіне, қарыз алушылардың келісім-шарттарға қол қоюына, мониторингілеуге, кредиттік тәртіпке оқыту шағын кредит беру схемалары мен шарттары бойынша жүргізілуі тиіс.

Шағын кредит беру жүйесіне қатысушылардың арасында тәжірибе алмасу үшін тренингтер мен семинарлар өткізу, тәуекелді азайту және шағын

кредиттерді қайтарудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында шағын кредиттер берумен айналысатын ұйымдардың тәжірибесін қорытындылау және одан әрі тарату қажет.

Сондай-ақ оқыту жұмыспен қамтылмаған ауыл халқы арасында, оның ішінде әйелдер, жастар, әскери қызметтен босатылған азаматтар және біліктілігін арттыруды, әлеуетті қарыз алушыны айқындау және оқыту нәтижелері мен олардың одан әрі мониторингі бойынша кредит беру мақсатында кәсіптерін ауыстыруды қажет ететін азаматтардың басқа да санаттарының арасында өткізілуі тиіс.

Әлеуетті қарыз алушыларды таңдау кезінде оқудан өткен қарыз алушыларға артықшылық берілуі тиіс.

Проблемалар :

ауылдық қарыз алушыларды шағын кредит беру ерекшеліктерімен таныс білікті кадрлардың жеткіліксіздігі;

шағын кредит беру мәселелері бойынша әлеуетті қарыз алушыларға консультациялық қызмет көрсетудің жеткіліксіздігі;

ШКҰ персоналын және түпкі қарыз алушыларды оқыту әдіснамалары мен бағдарламаларының жетілмегендігі.

Шаралар :

шағын кредит беру әдіснамасын әзірлеу мен енгізу үшін шағын кредит беру нарығын зерттеу және талдау;

шағын кредит беру процесін және оның мониторингін тиімді басқару мақсатында мамандарды оқытуды жүргізу;

қайта құрылған шағын кредит ұйымдары үшін мамандарды оқытуды жүргізу;

түпкі қарыз алушыларды кәсіпкерліктің негіздеріне оқытуды жүргізу;

бұқаралық ақпарат құралдары мен ақпараттық жүйелер арқылы шағын кредит беруді насихаттау.

Күтілетін нәтижелер :

оқудан өткен түпкі қарыз алушылардың санын ұлғайту;

шағын қаржы ұйымдарының (бұдан әрі - ШКҰ) білікті персоналының санын ұлғайту ;

ауылдық жерлердегі бұқара халық үшін оқыту бағдарламаларының қол жетімділігі.

#### **4. Ауылда шағын кредит беруді дамыту жүйесінің мониторингі**

Қазіргі уақытта шағын қаржы секторын тиімді дамыту бойынша стратегиялар әзірлеу үшін шынайы және көпшілікке қол жетімді ақпарат жеткіліксіз. Аталған міндетті шешу үшін отандық ШКҰ-ның табысты дамуына және олардың қызметінің жоғары "ашықтығына" қол жеткізуге мүмкіндік беретін мониторингтің тиімді жүйесін құру қажет.

Мониторинг деректерінің негізінде донорлар мен инвесторлар (халықаралық ұйымдар, банктер, жеке тұлғалар) үшін шынайы ақпараттың қосымша көздерін тарту кезінде қолданылатын отандық ШКҰ-ның рейтингісі қалыптасатын болады.

Мониторингті ағымдағы, серпінді режимде бақылау мақсаты үшін де, уақтылы түзету іс-шараларын өткізу үшін де жүргізу қажет. Әдістемелік орталық әзірлейтін ережелер мен ұсынымдық нормативтер осындай бақылауды ұйымдастыру үшін негіз болады. Осындай орталықты Қазақстанның шағын қаржы ұйымдарының қауымдастығы жанынан ұйымдастыру қажет. Әзірленген стандарттар шағын кредит беруді дамыту бойынша (құрылған жұмыс орындарының саны, өнімдер мен қызметтерді әртараптандыру, өндіріс пен сату көлемін ұлғайту, негізгі қаражатты жаңарту) мемлекет өткізетін іс-шаралардың әлеуметтік-экономикалық әсері туралы ақпараттың кең түрде берілуіне жәрдем е т у і т и і с .

#### П р о б л е м а л а р :

менеджмент пен мониторингтің қазіргі заманғы жүйелерінің, ішкі бақылау рәсімдерінің, әсер етуді бағалау құралдарының және менеджментті тиісті бағдарламалық қамтамасыз етудің жетіспеушілігі;

республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты тиімді пайдалану мониторингінің орталықтандырылған органының болмауы;

шағын кредит беру стандарттарын талдауға, әзірлеуге және ұсынуға өкілеттік берілген бірыңғай әдістемелік орталықтың болмауы.

#### Ш а р а л а р :

қазіргі заманғы шағын кредит беру стандарттарын және менеджменттің қазіргі әдістемесін енгізу;

ШКҰ-лардың қызметін қоса алғанда, шағын қаржы секторының жай-күйі туралы ақпаратты жинауды қамтамасыз ететін бірыңғай ақпараттық орталық к ұ р у ;

басқару ақпараттық жүйелерін енгізу;  
шағын кредит беруді дамытудың стратегиясы мен әдіснамасын әзірлеу жөніндегі әдістемелік орталықты құру;

сыртқы аудитті жүргізу.

К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р :

мониторингтің тиімді жүйесін құру;

қосымша қаржыландыру көздерін тарту;  
донорлар мен инвесторлардың қаржы ресурстарын тарту үшін отандық ШҚҰ-ның рейтингісін қалыптастыру;  
шағын қаржыландыруды дамыту стратегиясын және клиенттерге қызметтер ұсынудың инновациялық әдістерін әзірлеу және ресурстар тарту;  
тестілеу арқылы шағын кредит беру бойынша оқыту сапасына бақылауды жүзеге асыру.

## **5. Шағын кредит беру саласындағы заңнаманы жетілдірудің негізгі шаралары**

Шағын кредит беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ШҚҰ қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру болып табылады.

Шағын кредит беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық базасында оны одан әрі табысты дамыту үшін қажетті барлық алғышарттар бар. Сонымен қатар, ол заңнамадағы ақтандақтарды жою бөлігінде пысықтауды талап етеді.

Проблемалар :

ШҚҰ-ларға қатысты бірыңғай түсінік аппаратының болмауы.

Шаралар :

шағын қаржылық қызметтерге және ШҚҰ-ларға нақты анықтама беру;  
қарыз алушының жұмыс орнынан еңбекақы төлемінің мөлшері туралы анықтаманы міндетті түрде тапсыру талабын алып тастау.

Күтілетін нәтижелер :

шағын қаржыландырумен қамтуды, әсіресе ауылдық жерлерде кеңейтуге мүмкіндік беру ;

шағын бизнес кәсіпорындарын осы секторға тартуға ықпал етеді;  
нарықта бәсекелестіктің дамуын ынталандыру;  
ШҚҰ-ның жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдай жасау.

## **6. Негізгі нәтижелер**

Тұжырымдама іс-шараларын орындау шеңберінде ауыл қарыз алушыларының қажетті кредит ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ететін қосымша жұмыс орындарын құру, кедейлік деңгейін төмендету және ауыл халқының табысын ұлғайту жолымен әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесетін шағын кредит беру жүйесін құру күтілуде.

